

## Дәрілік препаратты қолдану жөніндегі жадынама

### Семиклотин, вена ішіне енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат 1.2 мг, 2.4 мг, еріткішпен жиынтықта (инъекцияға арналған су)

#### Құрметті пациент!

«Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС (бұдан әрі - «ҚФК» ЖШС) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК (ДЗМБСҰО) келісімі бойынша, Сізге келесіні хабарлайды:

#### Қысқаша мазмұны

Семиклотин дәрілік препаратын қолдану жөніндегі осы жадынама 04.10.2021 ж. бекітілген Семиклотин препаратын медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (МҚН) негізінде дайындалды.

Осы Жадынамамен және Семиклотин препаратының МҚН-мен мұқият танысып шығыңыз, қолдану жөніндегі ұсынымдарға ерекше назар аударыңыз.

Төменде Семиклотин дәрілік препаратын дозалау режимі, препарат ерітіндісін дайындау және оны қолдану тәсілі бойынша ақпараттың қысқаша мазмұны берілген.

#### Дозалау режимі бойынша ақпарат

Семиклотин препараты хирургиялық араласулар мен инвазиялық емшаралар жүргізу кезінде қан кетуді тоқтату және алдын алу үшін пациенттердің келесі тобында қолданылады:

- VIII немесе IX > 5 БЕ ұю факторлары тежегіштерінің титрі бар тұқым қуалайтын гемофилияда (Бетезда бірлік);
- анамнез негізінде VIII факторды немесе IX факторды енгізуге күтілетін иммундық реакциясы бар тұқым қуалайтын гемофилияда;
- жүре пайда болған гемофилия;
- VII фактордың туа біткен тапшылығымен;
- гликопротеиндерге IIb-IIIa антиденелері болған кезде Гланцман тромбастениясымен және тромбоциттік масса трансфузияларына рефрактерлікпен (қазіргі уақытта немесе бұрын).

Семиклотин препаратының дозасын Сіздің емдеуші дәрігеріңіз Сіздің дене салмағыңызға, диагнозыңызға және қан кету типіне байланысты анықтайды.

Емдеудің жақсы нәтижелеріне қол жеткізу үшін емдеуші дәрігеріңіз ұсынған дозалау режимін мұқият қадағалаңыз.

Емдеуді гемофилияны және/немесе ұю жүйесінің патологиясын емдеуде тәжірибесі бар дәрігердің бақылауымен бастау керек.

*Тежегіштері бар немесе VIII факторды немесе IX факторды енгізуге күтілетін иммундық реакциясы бар А немесе В гемофилиясы*

Ауырлығы жеңіл және орташа дәрежедегі қан кетулер (амбулаториялық емдеуді қоса)

Әдетте, ауырлығы жеңіл және орташа дәрежедегі қан кетуді емдеуді пациент үйде дербес жүзеге асырады. Семиклотин препаратын ерте енгізу ең тиімді болып табылады.

Келесі дозалау режимі ұсынылады:

- әрбір үш сағат сайын дене салмағының кг шаққанда 90 мкг дозада бірден үш инъекцияға дейін. Әсерді ұстап тұру үшін дене салмағының кг-на 90 мкг есебінен Семиклотин препаратының бір қосымша дозасы тағайындалуы мүмкін.

- дене салмағының кг үшін 270 мкг есебінен бір реттік инъекция.

Дозалау жөніндегі ұсынымдарды емдеуші дәрігер айқындайды.

#### Ауыр дәрежедегі қан кетулер

Ауыр қан кету жағдайында дәрігермен кеңесу керек.

Ауыр қан кетуді емдеу әдетте стационарда жүзеге асырылады. Стационарға тасымалдау кезеңінде Семиклотин препаратының ұсынылатын бастапқы дозасы - дене салмағының кг-на 90 мкг енгізілуі мүмкін.

#### *Жүре пайда болған гемофилия*

Семиклотин препаратын қан кету басталғаннан кейін неғұрлым ерте енгізу мүмкіндігі көрсетілген.

Ұсынылатын бастапқы доза пациенттің дене салмағының кг шаққанда 90 мкг құрайды. Бірінші инъекциядан кейін қажет болған жағдайда Семиклотин препаратын енгізуді қайталауға болады.

Бастапқы дозаны енгізген кезде аралық 2-3 сағатты құрауы тиіс. Гемостазға жеткеннен кейін емдеудің барлық кезеңіне препаратты енгізу арасындағы аралық 4, 6, 8 немесе 12 сағатқа дейін ұлғайтылуы мүмкін.

Дозалау жөніндегі ұсынымдарды емдеуші дәрігер айқындайды.

#### *VII факторының тапшылығы*

Ұсынылатын доза дене салмағының кг-на 15-30 мкг құрайды. Препарат гемостазға жеткенге дейін әр 4-6 сағат сайын енгізіледі. Доза және енгізу жиілігі жеке тәртіппен нақтыланады.

Дозалау жөніндегі ұсынымдарды емдеуші дәрігер айқындайды.

#### *Гланцман тромбастениясы*

Ұсынылатын доза дене салмағының кг үшін 90 мкг (80-120 мкг) құрайды. Препарат әр 2 сағат сайын (1.5–2.5 сағат) енгізіледі. Тұрақты гемостазды қамтамасыз ету үшін кемінде үш доза қажет.

Дозалау жөніндегі ұсынымдарды емдеуші дәрігер айқындайды.

#### **Енгізу әдісі мен жолы**

Семиклотин препараты лиофилизат болып табылады және оны қолданар алдында Семиклотин препаратымен бір қорапшаға салынған еріткішпен (инъекцияға арналған су) сұйылту қажет. Вена ішіне енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған жұмсалатын медициналық материалдар жиынтығының компоненттері төмендегі суретте көрсетілген.



Семиклотин препаратының дайындалған ерітіндісін вена ішіне баяу 2-5 минут ішінде енгізу қажет. Семиклотин препаратын басқа инфузиялық ерітінділермен араластыруға немесе тамшылатқыш арқылы енгізуге болмайды. Семиклотин препаратын кез келген басқа препараттармен бір шприцте енгізбеңіз.

Емдеуші дәрігердің немесе мейірбикенің алдын ала үйретуінсіз Семиклотин препаратын өз бетіңізше енгізбеңіз.

1. Төменде көрсетілген емшараларды жүргізер алдында қолыңызды мұқият жуыңыз және препарат ерітіндісін дайындау және енгізу барысында асептика қағидаларын орындаңыз.
2. Ашық медициналық материалдарды атмосфералық ауамен байланысу уақытын барынша азайту үшін мүмкіндігінше тез пайдаланыңыз.
3. Тоңазытқыштан алынған препарат пен еріткіші бар құтыны алыңыз да, ашпастан, шамалы жылытыңыз, мысалы, оларды қолыңызға ұстау арқылы. Препаратты 37 °С-ден жоғары қыздыруға жол берілмейді. Су моншасын пайдаланған кезде судың температурасы 37 °С-ден аспауы тиіс.
4. Екі құтыны да таза тегіс жерге қойыңыз.
5. Әр құтыдан қорғаныш пластик төсемді алыңыз.
6. Құтылардың резеңке тығындарын спиртті сүрткімен өңдеңіз. Қолданар алдында оларды құрғатыңыз. Өңделген беттерге қолыңызды немесе басқа заттарды тигізбеңіз.
7. Канюляның блистерлі қаптамасын ашыңыз. Канюля инесінен қорғаныс қақпағын алыңыз (1-сурет).




Сурет 1

8. Канюляның пластик инесін еріткіші бар құтының резеңке тығынының ортасына тірелгенге дейін тігінен енгізіңіз (2-сур.).



**Сурет 2**

9. Қағаз қабатын ортасына дейін бүгіп, шприцтің блистерлі қаптамасын ашыңыз, канюляның көгілдір қорғаныш қақпағын ашып, шприцті канюляның саңылауына салыңыз (3-сур.).  
*Қосылымның тығыздығына көз жеткізіңіз.*



**Сурет 3**

10. Құтыны төңкеріп, поршеньді ақырын тартып, еріткіштің төменде көрсетілген мөлшерін шприцке тартып алыңыз:

- 1,2 мг доза үшін – 2 мл;
- 2,4 мг доза үшін – 4 мл.

11. Екінші канюляның блистерлі қаптамасын ашыңыз, иненің қорғаныш қалпақшасын шешіп алыңыз да, пластик инені препараты бар құтының резеңке тығынының ортасына тірелгенше енгізіңіз (4-сур).



**4-сурет**

12. Толтырылған шприцті бірінші канюлядан алыңыз (10-поз. қараңыз), еріткіштің қалдығы бар құтының тығынында адаптерді қалдырыңыз. Шприцтің ұшы қолмен немесе басқа бөгде заттармен жанаспайтынына көз жеткізіңіз.

13. Еріткіш толтырылған шприцті препараты бар құтыға орнатылған екінші канюляға көк қорғаныш қақпағын ашып орнатыңыз (5-сур.). *Қосылымның тығыздығына көз жеткізіңіз.*

14. Поршеннің өзегін абайлап басып, құтыны сәл еңкейтіп, құтының қабырғасына канюля арқылы еріткіштің тиісті көлемін (10-п. қараңыз) көбіктенуге және иненің препарат ерітіндісімен жанасуына жол бермей баяу енгізіңіз (5-сур.). Егер еріткіш тікелей лиофилизатқа түссе, «көбіктену» әсері пайда болады.



**5-сурет**

15. Барлық зат ерігенше құтыны айналдыра отырып ақырын шайқаңыз (6-сур.). *Құтыны сілкімеңіз.* Ұнтақтың толығымен ерігеніне көз жеткізіңіз. Кез келген қосындылар болған немесе бұлыңғыр болған жағдайда ерітіндіні қолданбаңыз.



**6-сурет**

16. Құтыны сәл қисайған күйде ұстай отырып, поршеньді баяу және бірқалыпты тартып, канюля арқылы шприцке барлық ерітіндіні алыңыз. Барлық дайындалған ерітінді шприцке жиналғанына көз жеткізіңіз. Құтыны төңкеріп, шприцтен ауаны шығарыңыз (7-сур.). Шприц пен канюля бар құтыны келесі манипуляцияға дейін қойыңыз.




7-сурет

17. Шеткергі веналарға арналған катетердің блистерлі қаптамасын ашыңыз.

18. Поршеньнің қалпын өзгертпей (16-п. қараңыз), толтырылған шприцті канюлядан алып тастаңыз, адаптерді бос құтының тығынында қалдырыңыз.



8.1-сурет



8.2-сурет

19. Катетер түтігінен қорғаныс бітеуішін алыңыз. Шприцті сағат тілінің бағытымен тірелгенше бұрап, шприцті катетерге жалғаңыз, (8.1-сур. ). Қосылымның тығыздығына көз жеткізіңіз.

20. Инъекция орнын спиртті сүрткімен өңдеңіз.

21. Катетер инесінен қорғаныс қалпақшасын алыңыз. Вена ішіне енгізу үшін қосылған жүйеден ауаны шығарып, ерітіндіні вена ішіне баяу сорғалатып (2-5 минут ішінде) енгізіңіз.

22. Барлық пайдаланылған материалдарды қауіпсіз утилизациясын қамтамасыз етіңіз.

8.2-суретте көрсетілген шеткергі веналарға арналған екінші типті катетерді пайдаланған кезде:

23. Инъекция орнын спиртті сүрткімен өңдеңіз.

24. Пункция сәтті болған жағдайда мөлдір павильонның ішкі бөлігінде қан пайда болуы керек.

25. Болат инені мұқият ала отырып, катетерді вена бойымен жылжытыңыз.

26. Адгезиялық таңғышты пайдаланып, катетерді теріге бекітіңіз. Бұл жағдайда болат ине әлі де катетердің ішінде болуы керек, бұл қанның ағып кетуін азайтады.

27. Болат инені алар алдында катетердің ұшындағы венаны қанның ағуына жол бермеу үшін ортаңғы саусақпен басыңыз. Бір уақытта катетердің ортасын сұқ саусағыңызбен ұстаңыз, бұл инені алу кезінде катетердің жылжуына жол бермейді. Инені катетерден толығымен алыңыз. Металл қорғаныс клипстер катетерден толығымен шығарылған сәтте иненің ұшын автоматты түрде жабады. Шығарғаннан кейін бірден инені арнайы контейнерге салыңыз.
28. Препарат қосымша инъекциялық порт арқылы енгізіледі. Бұл шприц конусын жеңіл бұрау қозғалысымен қосу арқылы жасалады (8.2-сур.). Порт автоматты түрде ашылады және жабылады.
29. Қосымша инъекциялық портты қорғаныс қалпақшасымен жабыңыз.
30. Барлық пайдаланылған материалдарды қауіпсіз утилизациясын қамтамасыз етіңіз.

Дайындалған ерітіндіні сұйылтқаннан кейін бірден қолдану керек. Дайындалған ерітіндіні 2 °С– ден 8 °С–ге дейінгі температурада – 24 сағаттан асырмай, 25 °С-ден аспайтын температурада – 12 сағаттан асырмай сақтауға жол беріледі.

*Егер Сізге препаратты бір құттының дозасынан асатын мөлшерде енгізу талап етілсе, қоса беріліп отырған еріткішті (инъекцияға арналған су) пайдалана отырып, препараттың басқа құттысында ерітіндіні осыған ұқсас түрде дайындаңыз, содан кейін ерітіндіні көлемі үлкен шприцте біріктіріңіз (қоса берілмейді) және препаратты әдеттегі тәртіппен енгізіңіз.*

Егер Сізде Семиклотин препаратын қолдану бойынша қосымша сұрақтарыңыз болса, Сізге емдеуші дәрігерге жүгіну қажет.

### **Компанияның мекенжайы және телефон нөмірі**

Егер сізде қандай да бір сұрақтар туындаса немесе Семиклотин препаратына қатысты қосымша ақпарат қажет болса, Сіз «ҚФК» ЖШС фармакологиялық қадағалау бөліміне мына мекенжай бойынша хабарласа аласыз:

«Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС Қазақстан Республикасы  
100009, Қарағанды қ., Ғазалиев к-сі, 16-күр.

Телефон нөмірі (7212) 90-80-43, (7212) 90-80-51, факс (7212) 90-65-49

Электронды пошта [medinfo@kphk.kz](mailto:medinfo@kphk.kz).

## Памятка по применению лекарственного препарата

### Семиклотин, лиофилизат для приготовления раствора для внутривенного введения 1.2 мг, 2.4 мг, в комплекте с растворителем (вода для инъекций)

#### Уважаемый пациент!

ТОО «Карагандинский фармацевтический комплекс» (далее ТОО «КФК»), по соглашению с РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий» Комитета медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан (НЦЭЛС), сообщает Вам следующее:

#### Краткое изложение

Данная Памятка по применению лекарственного препарата Семиклотин подготовлена на основании инструкции по медицинскому применению (ИМП) препарата Семиклотин утвержденной 04.10.2021 г.

Внимательно ознакомьтесь с данной Памяткой и ИМП препарата Семиклотин обратив особое внимание на рекомендации по применению.

Ниже приводится краткое изложение информации по режиму дозирования лекарственного препарата Семиклотин, приготовлению раствора препарата и способе его применения.

#### Информация по режиму дозирования

Препарат Семиклотин используется для остановки и предупреждения кровотечений при проведении хирургических вмешательств и инвазивных процедур в следующих группах пациентов с:

- наследственной гемофилией с титром ингибиторов факторов свертывания VIII или IX > 5 БЕ (Бетезда единиц);
- наследственной гемофилией с ожидаемой иммунной реакцией на введение фактора VIII или фактора IX на основании анамнеза;
- приобретенной гемофилией;
- врожденным дефицитом фактора VII;
- тромбастенией Гланцмана при наличии антител к гликопротеинам IIb-IIIa и рефрактерностью (в настоящем или в прошлом) к трансфузиям тромбоцитарной массы.

Доза препарата Семиклотин будет определена Вашим лечащим врачом в зависимости от Вашей массы тела, диагноза и типа кровотечения.

Для достижения наилучших результатов лечения тщательно соблюдайте режим дозирования, рекомендованный Вашим лечащим врачом.

Лечение следует начинать под наблюдением врача, имеющего опыт лечения гемофилии и/или патологии системы свертывания.

*Гемофилия А или В с ингибиторами или с ожидаемой иммунной реакцией на введение фактора VIII или фактора IX*

#### Кровотечения легкой и средней степени тяжести (включая амбулаторное лечение)

Как правило, лечение кровотечения легкой и средней степени тяжести осуществляется пациентом самостоятельно дома. Наиболее эффективно раннее введение препарата Семиклотин.



Рекомендуется следующий дозовый режим:

- от одной до трёх инъекций в дозе 90 мкг на кг массы тела через каждые три часа. Для поддержания эффекта может быть назначена одна дополнительная доза препарата Семиклотин из расчёта 90 мкг на кг массы тела.

- однократная инъекция из расчёта 270 мкг на кг массы тела.

Рекомендации по дозированию определяются лечащим врачом.

#### Кровотечения тяжелой степени

В случае тяжелого кровотечения Вам следует обратиться к врачу.

Лечение тяжелых кровотечений обычно осуществляется в стационаре. На этапе транспортировки в стационар может быть введена рекомендуемая начальная доза препарата Семиклотин - 90 мкг на кг массы тела.

#### *Приобретённая гемофилия*

Показано как можно более раннее введение препарата Семиклотин после начала кровотечения.

Рекомендуемая начальная доза составляет 90 мкг на кг массы тела пациента. После первой инъекции введение препарата Семиклотин можно повторять при необходимости.

При введении начальной дозы интервал должен составлять 2-3 часа. После достижения гемостаза интервалы между введениями препарата на весь период лечения может быть увеличен до 4, 6, 8 или 12 часов.

Рекомендации по дозированию определяются лечащим врачом.

#### *Дефицит фактора VII*

Рекомендуемая доза составляет 15-30 мкг на кг массы тела. Препарат вводится каждые 4-6 часов до достижения гемостаза. Доза и частота введения уточняются в индивидуальном порядке.

Рекомендации по дозированию определяются лечащим врачом.

#### *Тромбастения Гланцмана*

Рекомендуемая доза составляет 90 мкг (80-120 мкг) на кг массы тела. Препарат вводится каждые 2 часа (1.5–2.5 часа). Для обеспечения стойкого гемостаза требуется не менее трех доз.

Рекомендации по дозированию определяются лечащим врачом.

#### **Метод и путь введения**

Препарат Семиклотин представляет собой лиофилизат и его перед применением необходимо развести растворителем (вода для инъекций), который находится в одной пачке с препаратом Семиклотин. Компоненты комплекта расходных медицинских материалов для приготовления раствора для внутривенного введения изображены на рисунке ниже.



Приготовленный раствор препарата Семиклотин необходимо вводить внутривенно медленно в течение 2-5 минут. Препарат Семиклотин не следует смешивать с другими инфузионными растворами или вводить через капельницу. Не вводите препарат Семиклотин в одном шприце с любыми другими препаратами.

Не вводите препарат Семиклотин самостоятельно без предварительного обучения лечащим врачом или медицинской сестрой.

1. Тщательно вымойте руки перед проведением нижеописанных процедур и выполняйте правила асептики в процессе приготовления и введения раствора препарата.
2. Открытые медицинские материалы используйте, по возможности, быстро, чтобы сократить до минимума время их контакта с атмосферным воздухом.
3. Возьмите флакон с препаратом и растворителем, вынутые из холодильника, и, не открывая, слегка нагрейте, например, подержав их в руках. Не допускается нагревание препарата выше 37 °С. При использовании водяной бани температура воды не должна превышать 37 °С.
4. Поставьте оба флакона на чистую ровную поверхность.
5. Снимите защитную пластиковую накладку с каждого флакона.
6. Обработайте резиновые пробки флаконов салфеткой спиртовой. Дайте им высохнуть перед использованием. Не прикасайтесь руками или другими предметами к обработанным поверхностям.
7. Откройте блистерную упаковку канюли. Снимите защитный колпачок с иглы канюли (рис. 1).




**Рисунок 1**

8. Введите пластиковую иглу канюли вертикально в центр резиновой пробки флакона с растворителем до упора (рис. 2).



**Рисунок 2**

9. Откройте блистерную упаковку шприца, отогнув до середины бумажное покрытие, откройте синюю защитную крышечку канюли и вставьте шприц в отверстие канюли (рис. 3). Убедитесь в плотности соединения.



**Рисунок 3**

10. Переверните флакон вверх дном и отберите в шприц указанное ниже количество растворителя, плавно оттягивая поршень:

- для дозировки 1,2 мг – 2 мл;
- для дозировки 2,4 мг – 4 мл.

11. Откройте блистерную упаковку второй канюли, снимите защитный колпачок с иглы и введите пластиковую иглу в центр резиновой пробки флакона с препаратом, до упора (рис. 4).



**Рисунок 4**

12. Удалите наполненный шприц из первой канюли (см. поз. 10), оставив переходник в пробке флакона с остатком растворителя. Следите за тем, чтобы кончик шприца не соприкасался с рукой или другими посторонними предметами.

13. Вставьте наполненный шприц с растворителем во вторую канюлю, установленную на флаконе с препаратом, открыв синюю защитную крышечку (рис. 5). *Убедитесь в плотности соединения.*

14. Осторожно нажимая на стержень поршня и слегка наклоняя флакон, медленно введите соответствующий объем растворителя (см. п. 10) по стенке флакона через канюлю (рис. 5), избегая пенообразования и соприкосновения иглы с раствором препарата. Эффект «вспенивания» появляется, если растворитель попадает непосредственно на лиофилизат.



**Рисунок 5**

15. Осторожно покачивайте флакон круговыми движениями, пока все вещество не растворится (рис. 6). *Не встряхивайте флакон.* Убедитесь в том, что порошок полностью растворился. При наличии любых включений или мутности не используйте раствор.



**Рисунок 6**

16. Держа флакон в слегка наклоненном положении, отберите из него весь раствор в шприц через канюлю, медленно и плавно оттягивая поршень. Убедитесь в том, что весь приготовленный раствор перешел в шприц. Удалите воздух из шприца, перевернув флакон вверх дном (рис. 7). Отложите флакон со шприцем и канюлей до следующей манипуляции.




**Рисунок 7**

17. Откройте блистерную упаковку катетера для периферических вен.

18. Не меняя положения поршня (см. п. 16), удалите наполненный шприц из канюли, оставив переходник в пробке пустого флакона.



**Рисунок 8.1**



**Рисунок 8.2**

19. Снимите защитную заглушку с трубки катетера. Присоедините шприц к катетеру, провернув шприц по часовой стрелке до упора (рис. 8.1). *Убедитесь в плотности соединения.*

20. Обработайте место инъекции прилагаемой салфеткой спиртовой.

21. Снимите защитный колпачок с иглы катетера. Удалите воздух из присоединенной системы для внутривенного введения и введите раствор внутривенно струйно медленно (в течение 2-5 минут).

22. Обеспечьте безопасную утилизацию всех использованных материалов.

При использовании катетера для периферических вен второго типа, приведённого на рисунке 8.2:

23. Обработайте место инъекции прилагаемой салфеткой спиртовой.

24. В случае успешной пункции, во внутренней части прозрачного павильона должна появиться кровь.

25. Продвигайте катетер в вену, одновременно осторожно извлекая стальную иглу.

26. Используя адгезивную повязку, зафиксируйте катетер на коже. При этом стальная игла все еще должна находиться внутри катетера, минимизируя утечку крови.
27. Перед удалением стальной иглы пережмите вену у кончика катетера средним пальцем, предотвращая утечку крови. Одновременно придерживайте центр катетера указательным пальцем, предотвращая смещение катетера при извлечении иглы. Полностью извлеките иглу из катетера. Металлическая защитная клипса автоматически закроет острие иглы, в момент, когда она будет полностью извлечена из катетера. Немедленно после извлечения поместите иглу в специальный контейнер.
28. Препарат вводится через дополнительный инъекционный порт. Делается это посредством подсоединения конуса шприца легким закручивающим движением (рис. 8.2). Порт открывается и закрывается автоматически.
29. Закройте дополнительный инъекционный порт защитным колпачком.
30. Обеспечьте безопасную утилизацию всех использованных материалов.

Приготовленный раствор должен использоваться сразу после разведения. Допускается хранение приготовленного раствора при температуре от 2 °С до 8 °С – не более 24 часов, при температуре не выше 25 °С – не более 12 часов.

*Если Вам требуется ввести препарат в количестве, превышающем дозу одного флакона, аналогичным образом приготовьте раствор в другом флаконе препарата, используя прилагаемый растворитель (воду для инъекций), а затем соедините растворы в шприце большего объема (не прилагается) и введите препарат в обычном порядке.*

Если у Вас есть дополнительные вопросы по применению препарата Семиклотин, то Вам необходимо обратиться к Вашему лечащему врачу.

#### **Адрес и номер телефона Компании**

Если у вас возникнут какие-либо вопросы или потребуется дополнительная информация в отношении препарата Семиклотин Вы можете обратиться в ТОО «КФК» в отдел фармаконадзора по адресу:

ТОО «Карагандинский фармацевтический комплекс» Республика Казахстан

100009, г. Караганда, ул. Газалиева, стр. 16

Номер телефона (7212) 90-80-43, (7212) 90-80-51, факс (7212) 90-65-49

Адрес электронной почты [medinfo@kphk.kz](mailto:medinfo@kphk.kz).